

ОҚУ ҮРДІСІНДЕ РЕФЛЕКСИЯ МЕН КЕРІ БАЙЛАНЫСТЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Ермаганбетова Акбота Жаналыковна
ҚМПИ, Қостанай қ.
Абильдина Әсем Жаналыковна
Саменова Жанерке Жаналыковна
Фурманов ОМ, Арқалық қ.

Аннотация

Бұл мақалада авторлар оқыту үрдісінде қолданылатын кері байланыстың түрлеріне тоқталып, оның оқу мен оқытудағы тиімді тұстарын атап көрсетеді. Дұрыс жүргізілген кері байланыс арқылы оқушылардың өзіндік пікірін білуге болатынын және мұғалімнің кері байланыс жасай отырып, өз ісіне сыни көзбен қарайтыны туралы баяндалады.

Аннотация

В этой статье особое место занимают разновидности рефлексии, их основные стороны в ходе учебного процесса. При правильном проведении рефлексии можно узнать о личных мнениях учеников. И в ходе этого учитель делает вывод, критически осмысливает положительные стороны рефлексии.

Abstract

In this article the authors pay attention on teaching of reflection, its advantages of teaching and learning. Following the right direction of reflection pupils could speak their own opinions, teachers could see their own results, and this is the base from which to build critical thinking skills.

Түйінді сөздер: оқыту мен оқу, рефлексия, өз-өзін реттеу, өзінің іс-әрекетіне баға беру, таным, сыни пікір айту.

Ключевые слова: учить и обучать, рефлексия, самопорядочность, самооценка действию, познание, критика.

Keywords: teaching and learning, reflection, to value their own work, searching and critical thinking.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау: оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» делінген [1]. Бүгінгі күнгі білім берудегі басты мақсат – жан-жақты дамыған, өмір сүруге бейім, өзіндік ой-толғамы бар, адамгершілігі жоғары, бәсекеге қабілетті, жан жақты, үйлесімді жеке тұлға тәрбиелеу. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін оқушыға білім мазмұнын терең игертудің тиімді жолдарын іздестіріп, шығармашылыққа жетелейтін қазіргі заман талабына сай ғылыми-әдістемелік біліммен қаруланған, шебер мұғалім дайындау қажет. Даму үстіндегі қоғам талаптарына сай жаңартылған білім мазмұнына көшу білім саласындағы жаңа қарқын мен тың серпініс. Оқушылардың білім, іскерлік, дағдыларын меңгеруін жетілдіру, ой-өрісін кеңейту, мәдени деңгейін көтеру, танымдық қабілеттерін дамыту, оқу процесін ізгілендіру, демократияландыру, ұлттық және аймақтық ерекшеліктерді ескеру, даралап және саралап оқыту сияқты қағидаларды жетекші орынға шығарды. Заманауи қоғам талаптарына сай білім беретін жаңа формация мұғалімі – оқыту технологиясының жүйесімен оқушыларды өмірге дағдыландыру бағытындағы әдіс-тәсілдерді жетік меңгерген тұлға.

Хакім Абайдың 15-қара сөзі былай аяқталады: «Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен өзің есеп ал!.[2] Бүгінгі күні Хакім Абай мұрасы оқу үрдісінде де өз жалғасын тауып жатқандай. Жаңартылған білім мазмұны негізінде «кері байланыс», «рефлексия» ұғымдары оқу үрдісіне еніп кетті. Бұл дегеніміз, оқу үрдісінде есеп беру негізінде пайда болатын айқын мақсаттар мен нық қадамдар. Кері байланыс оқушының оқыту үрдісі қалай өткені және қандай нәтижеге қол жеткізгендігі туралы ой-пікірін тыңдауға

негізделеді. Нәтижесінде оқушы өз ойын ашық айту, сыни ойлай алу, алған білімін бағалай алу, мұғаліммен тікелей қарым қатынасқа түсе алу сынды дағдылары қалыптасады. Кері байланыс сабақ барысында оқушылардың өз бетімен орындайтын тапсырмаларының соңында жүргізіліп отыруы керек. Рефлексия мақсаты – еске түсіру, өзінің сабақ барысындағы іс-әрекетіне баға беру, талдау және мәселелердің шешу жолдарын іздестіру. Мұғалім оқушының кез келген кері байланыс парағын оқи отырып, жұмысының сәтсіз шыққан тұсын және сәтті шыққан қадамын, ендігі іс-әрекетін қалай жақсартуға болатынын алдын ала біледі. Сонымен қатар, кері байланыс парағы арқылы оқушының пікірін ескеріп, оқу мен оқытудағы кездесетін кедергілерді айқындап, келесі оқытуды нәтижелі етіп өткізуге мақсатты түрде түрткі болады. Қазіргі білімдік мақсаттарға сай білім алушыны рефлексия жасауға дағдыландыру мұғалімнің басты міндеттерінің бірі болғандықтан, ол - сабақтың да негізгі компоненттерінің бірі болуы тиіс. Рефлексивтік іс - әрекет оқушыға өзіндік талдау кезінде ғана байқалатын өзіндік жеке дара ерекшеліктерін тануына мүмкіндік туғызады. Білімді саналы түрде өзіндік қорыту, яғни рефлексия нәтижесінде ғана жүзеге асады. Педагогикалық практикада қолдануға болатын мысалдар келтіре кетсем: орта және жоғарғы сынып оқушылары сабақтарда кестелер, диаграммалар, сауалнамалар толтыру, смс жазу, эссе жазу сияқты рефлексивті жұмыс түрлерімен айналыса алады.

Оқушыларды рефлексия жасауға үйретуде мәселенің психологиялық жағына мән беру тиімді. Мұғалімнің басты міндеті: оқушының өткізген күні немесе істеген жұмысы жайлы айтқысы, ойымен бөліскісі келетіндей психологиялық ахуал жасау. Әсіресе баланың өзі жасаған әрекеттеріне байланысты басынан өткен сезімдерін қайта оралта алуы, ол жайлы қағазға түсіруі немесе басқаша суреттеуі ерекше жағдайды талап етеді.

Сонымен рефлексия – көп қырлы, кіріккен әрекет. Мұғалімнің шығармашылық әлеуетінің дамуы үшін оның әдіснамалық рефлексия жасай алуының мәні зор. Бұл – мақсаткерлікті талдай алудан басталады. Өзінің нақты жағдайы мен болашағының бағытын саралай, аралық мақсаттарды анықтай алумен сипатталады. Психологиялық мұғалімнің шығармашылығын дамытудың қысқаша формуласын «тәжірибе + сол тәжірибенің рефлексиясы= даму» түрінде ұсынады. педагогика оқулығында бұл үрдісті сипаттай отырып, оның мұғалімнің кәсіби әрекетінің өн бойында мына төмендегідей жағдайда байқалатындығы айтылды: біріншіден – мұғалімнің оқушының ойын, сезімдері мен іс – қимылдарын түсіну бағытындағы әрекеттесуінде; екіншіден – оқушылардың жас ерекшеліктері, даму мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту үрдісінің мақсаттарын анықтау мен жобалауда; үшіншіден – оның өз әрекетін, сол әрекеттің субъектісі ретіндегі өзін талдауда. Тек сонда ғана мұғалімнің педагогикалық әрекетінде шығармашылыққа жол ашылады. Мұғалімнің шығармашылық әлеуетінің дамуы үшін оның әдіснамалық рефлексия жасай алуының мәні зор.

Педагогикалық практикада қолдануға болатын мысалдар келтіре кетсем: орта және жоғарғы сынып оқушылары сабақтарда кестелер, диаграммалар, сауалнамалар толтыру, смс жазу, эссе жазу сияқты рефлексивті жұмыс түрлерімен айналыса алады. Оқушыларды рефлексия жасауға үйретуде мәселенің психологиялық жағына мән беру тиімді. Мұғалімнің басты міндеті: оқушының өткізген күні немесе істеген жұмысы жайлы айтқысы, ойымен бөліскісі келетіндей психологиялық ахуал жасау. Әсіресе баланың өзі жасаған әрекеттеріне байланысты басынан өткен сезімдерін қайта оралта алуы, ол жайлы қағазға түсіруі немесе басқаша суреттеуі ерекше жағдайды талап етеді. Сонымен рефлексия – көп қырлы, кіріккен әрекет. Мұғалімнің шығармашылық әлеуетінің дамуы үшін оның әдіснамалық рефлексия жасай алуының мәні зор. Бұл – мақсаткерлікті талдай алудан басталады. Өзінің нақты жағдайы мен болашағының бағытын саралай, аралық мақсаттарды анықтай алумен сипатталады. Психологиялық мұғалімнің шығармашылығын дамытудың қысқаша формуласын «тәжірибе + сол тәжірибенің рефлексиясы= даму» түрінде ұсынады. педагогика оқулығында бұл үрдісті

сипаттай отырып, оның мұғалімнің кәсіби әрекетінің өн бойында мына төмендегідей жағдайда байқалатындығы айтылды: біріншіден – мұғалімнің оқушының ойын, сезімдері мен іс – қимылдарын түсіну бағытындағы әрекеттесуінде; екіншіден – оқушылардың жас ерекшеліктері, даму мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту үрдісінің мақсаттарын анықтау мен жобалауда; үшіншіден – оның өз әрекетін, сол әрекеттің субъектісі ретіндегі өзін талдауда [3]. Тек сонда ғана мұғалімнің педагогикалық әрекетінде шығармашылыққа жол ашылады. Мұғалімнің шығармашылық әлеуетінің дамуы үшін оның әдіснамалық рефлексия жасай алуының мәні зор.

Рефлексияның төмендегідей түрлері бар:

I. Мақсатына қарай эмоционалық көңіл күйінің рефлексиясы, әрекеттік рефлексия, оқу мәліметтінің мағынасының рефлексиясы)

II. Мазмұнына қарай (Ауызша, жазбаша)

III. Тұлғалық (физикалық: үлгердім-үлгермедім; сенсорлы: қызық-қызықсыз; рухани: жақсы сезіндім –жаман сезіндім (тек жазбаша түрде) интеллектуалдық: түсіндім-түсінбедім)

IV. Сабақтың түріне қарай: (ББД қалыптасуынан кейін, аралық рефлексия, бақылау рефлексиясы, қорытынды рефлексия)

V. Өту әдісіне қарай (анкета, сұрақ, кесте, жағдаят сурет, символ)

VI. Іс-әрекетіне байланысты (фронталды, жеке, топтық ұжымдық)

Рефлексияға үйрету кезеңдері:

I. Өз көңіл-күйін жетістіктерін талдау.

II. Сыныптастарының жұмысын талдау.

III. Топ мүшелерінің жұмысын талдау болып бөлінеді.

Оқу материалдарының мазмұнының рефлексиясы. Оны мұғалім оқушылар өткен материалдың мазмұнын қалай түсінгенін анықтау үшін қолданады. Мысалы: «Ақталмаған сөйлем тәсілі (тезис) тәсілі, «Баспалдақ», «Блоб ағашы», «Ақылдың алты қақпағы», «Тірек сөздер». Тақтаға тірек сөздер жазылады, сол сөздерден сөйлемдер құрау. Көңілді білдіруде «Смайликтер» арқылы көңіл-күйін білдіру. «Күншуақ», «Көңіл-күй гүлшоғыры», «Қайық», «Термометр». Өз эмоциясын, тақырыптың қызықтығын, сабақтың өту барысын бағалайды. Жеке жазба жұмыс рефлексиясы.

Бұл жұмыс сабақтың соңғы этапы, қорытынды. Өткізу түрі – тестер, мини - шығарма, эссе, кесте, досыма хат, тірек сызба. Тәсілдерге тоқтасам:

1. «+; - ; қызықты», «Телеграмма», «Өзіме хат» жазу дағдысын дамытуға септігін тигізіп, оқушының өзіндік талдау жасауына ықпал етеді. «Уақыт шкаласы» мәтіндегі хронологиялық даталарды есте сақтау үшін қолданылса, «Бағдаршам». Бақылай-бағалау рефлексиясына жатады. Оқушылардың бірін-бірі, өзін өзі бағалауға негізделген, бұл тәсілдің мақсаты өзін және құрбыларын әділ бағалауға үйрету.

Рефлексия нәтижесі дегеніміз - міндеттерді шешу тәсілдерін түсіну. «Рефлексия» - адамның өз істерінің мәнін түсіну, олар туралы ойлану барысында өзіне өзінің нені, қалай жасағаны туралы толық және анық есеп беруі.

Сабақтағы кері байланыстың ауызша және жазбаша түрлері бар.

Негізінен рефлексия адамның үш қасиетін: өз бетімен білім алуын, шешім қабылдай Өйткені бұл -XXI ғасырдың талабы. Сонымен қатар кері байланыс арқылы оқушылар өз-өзіне есеп беріп, өз-өзін реттеуге дағдыланады. Оқушылар ойлауға, сөйлеуге, өзін-өзі дамытуға еркін қол жеткізе алады. Кері байланыс жасауға сабақтың белгілі бір уақытын бөліп, олардың ой-пікірлерін шыдамдылық танытып тыңдау қажет. Кері байланыс жасау арқылы бұрынғы сабақтардағы сабаққа белсенді қатспайтын оқушының себебін анықтап, олардың белсенділігін дамытуға жол іздеуге болады. Кері байланыс оқушы үшін-өз жетістіктері мен қателіктері туралы ойлану, алға жылжу үшін ұсынба алу; мұғалім үшін өз қызметіне қажетті өзгерістер енгізу мақсатында алынатын ақпарат [3].

Кері байланысты жасағанда кері байланысты оқу сапасын жақсартудың ең тиімді нысаны ретінде әрдайым ескеріп жүрсе, оқу мен оқытудың қалай жүріп жатқанын, оның сапасын анықтауға мүмкіндік береді [4]. Нәтижесінде,

1) мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты бірлескен топ ретінде ескеру;

2) оқушы өзінің мықты болуына және алға қарай жылжуға талпынады; оқушы тек бағалауға ғана емес, оқуға деген қызығушылығы артады.

3) кері байланыстың тиімділігі арқылы оқыту мен оқу сапасын жақсартуға болады. Сонда ғана алған білімін бағалай алатын, функционалды сауатты жұрт пайда болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // Алматы 2010.6-б;
2. Абай. Өлеңдер, поэмалар, аудармалар мен қара сөздер. - Алматы: Жібек жолы, 2005.- 488 б.
3. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші басылым - 2012ж.
4. Зулкашева Ш.М «Оқытудың нәтижелерін бағалаудың әдістемесі» - Орал қаласы, 2013ж.
5. «Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл» журналы №8-9, 2015ж.

ФОРМАТИВНОЕ ОЦЕНИВАНИЕ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ В УСЛОВИЯХ ОБНОВЛЕННОГО СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ.

Ермоленко Евгения Валерьевна,
Вильгельм Елена Петровна,
Володина Елена Николаевна,
Зинина Екатерина Павловна
СШ №19, г.Костанай

Аннотация

Бүгін оқу үрдісін ынталандыру және дербестігін арттыру, оқушылардың оқу мен оқу мотивациясы көтеру туралы айтылған. Оқыту оймен бағаламайды. Механизм қазіргі талаптарға сәйкес, қазіргі заман қоғамына, олардың жас ерекшеліктеріне сай ескеріледі, оны формативті бағалау, немесе оқыту үшін бағалау деп атауға болады. Осы бап Әртүрлі бағалау нәтижелерін бағалау, көмек көрсетуге арналған бастауыш сыныптарға сабақ беретін мұғалім практикасында пайдалануға жіберуге тиіс стратегиялар мен тәсілдерін формативті бағалаудың сабақтарында қол жеткізу жөніндегі міндеті.

Аннотация

Сегодня очень много говорится об индивидуализации учебного процесса, повышении учебной мотивации и учебной самостоятельности учащихся. Преподавание не мыслится без оценивания. Механизмом, наиболее соответствующим требованиям современного общества, который учитывает индивидуальные способности учащихся и их возрастные особенности, является формативное оценивание, которое можно еще назвать оцениванием для обучения. Данная статья призвана направить учителя начальных классов на использование в практике различных стратегий и приёмов оценивания, оказать помощь подостижению результатов формативного оценивания на уроках.

Abstract

Nowadays much is said about the individualization of the educational process, increasing motivation for educational activity and educational self-dependence of pupils. Teaching is impossible without assessment. The mechanism that mostly meets the demands of modern society and takes into account individual abilities of pupils and their age-specificities is called formative assessment. It may also be called as assessment for education. This article is aimed to direct primary school teacher towards using of various strategies and assessment methods in practice and to provide assistance in results achievement of formative assessment on the lessons.

Түйінді сөздер: құбылыс, бағалау, стратегия, жетістік, қабылдау